



Малайзияның проблемалық активтерді реттеу тәжірибесі Danaharta қызметі



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. ІСКЕ АСЫРУ.

I. Danaharta құрудың алғышарттары

Малайзия Азиаттық қаржы дағдарысының салдарынан ең көп зардап шеккен елдердің бірі болды. Дағдарыс нәтижесінде ел рецессияға ұшыраудың алдында тұрды – ЖІӨ 6,7%-ға төмендеді, малайзиялық ринггит доллармен салыстырғанда 45%-ға құнсызданды, ал Куала-Лумпур қор биржасының (KLSE) композиттік индексі екі есеге құлдырады.

Компаниялардың кездескен ауыр мәселелері қаржы секторындағы жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейінің күрт өсуіне әкелді – 1997 жылы жалпы несие портфелінің 2-3%-ынан 1998 жылы 11,5%-ға дейін.



*Дереккөз: Дүниежүзілік банк
Инфографика: "ПКҚ" АҚ*

Дағдарыстың салдарын жеңілдету мақсатында үкімет Экономикалық әрекет жөніндегі ұлттық комитетті (NEAC) құрды. Бұл комитет үкіметке экономиканы қалпына келтіру бойынша нақты ұсыныстар дайындауға бағытталды. Өз кезегінде NEAC Экономиканы сауықтырудың ұлттық жоспарын (NERP) әзірледі.

Онда жағдайды тұрақтандырудың басым шараларының

I. Danaharta-ның құрылу алғышарттары

бірі ретінде банк және корпоративтік секторларды қалпына келтіру анықталды.

Аталған шараларды жүзеге асыру үшін үш ұйымның құрылуын көздеді:

1. Корпоративтік қарызды қайта құрылымдау жөніндегі комитет (CDRC), оның мақсаты – кредиторлар мен борышкерлер арасында корпоративтік қарыздарды соттан тыс реттеуді қамтамасыз ету.
2. Pengurusan Danaharta Nasional Berhad (Danaharta) активтерді басқару компаниясы – жүйедегі жұмыс істемейтін активтер деңгейін төмендету үшін.
3. Danamodal Nasional Berhad (Danamodal) арнайы мақсаттағы компаниясы – өміршең банктерді капитализациялау үшін



*Деректер көзі: Банк Негара Малайзия
Инфографика: "ПКҚ" АҚ*

Дағдарыс кезінде CDRC жалпы сомасы 45,8 миллиард ринггитке жеткен өтелмеген қарыздары бар 57 жобаны реттеді, бұл экономиканы қалпына келтіру үдерісін жеделдетуге мүмкіндік берді.

I. Danaharta-ның құрылу алғышарттары

2009 жылы үкімет банк жүйесіндегі мерзімі өткен несиелердің айтарлықтай өсуімен күресудің алдын алу шарасы ретінде CDRC қызметін қайта бастады. Оның мақсаты – қаржы ұйымдары мен корпоративтік қарыз алушыларға сот талқылауларына жүгінбей, қарызды қайта құрылымдау схемаларын ерікті және бірлесіп әзірлеу үшін платформа ұсыну. Осы бастаманы іске асыру өміршең корпорацияларға қарыздық міндеттемелерін қайта құрылымдауға көмектесуге бағытталған.

CDRC-ның рөлі компаниялар мен олардың несие берушілері арасында қарызды қайта құрылымдау туралы келісімге қол жеткізуге делдалдық жасау болып табылады. Келісім бейресми сипатта, міндетті заңдық күші жоқ және кез келген тарап кез келген уақытта оны қайтарып ала алады.

1998 жылдың тамыз айында банктік мекемелерді рекапитализациялау және олардың баланстарын жақсарту мақсатында Малайзияның Орталық банкіне (BNM) тиесілі еншілес компания ретінде Danamodal құрылды. Компанияның мақсаты – экономиканы несиелеуді жалғастыру үшін банктерге мықты капиталдық негізді қамтамасыз ету болды. Компания қаржы дағдарысының салдарынан зардап шеккен қаржы мекемелеріне көмек көрсетті және 2003 жылдың соңында жойылды.

Өз қызметі барысында Danamodal он банкке 7,6 миллион рингит көлемінде қаражат салды. Бұл банк секторындағы мәселелерді толық реттеуді қамтамасыз етіп, корпорациялар мен жеке тұлғаларды несиелеуді жалғастыруға мүмкіндік берді. Олар өз кезегінде экономиканы сауықтыруға үлес қосты.

II. Danaharta-ның құрылуы

Danaharta 1998 жылы Малайзия Қаржы министрлігі жанында проблемалық активтерді басқару жөніндегі ұлттық компания ретінде құрылды. Оның мақсаты – қаржылық ұйымдарға жұмыс істемейтін қарыздарды баланстарынан шығарып, кәсіпкерлік субъектілерін сауықтыруға жәрдемдесу.

1998 жылы Danaharta туралы арнайы заң қабылданды. Осы заңға сәйкес компания стресс активтерін сатып алу, басқару және іске асырумен айналысты. Бұл ретте арнайы өкілеттіктер берілді, соның ішінде проблемалық компанияларды басқаруға арнайы әкімшілерді тағайындау және корпоративтік қайта құрылымдауды жүзеге асыру құқығы. Сонымен қатар, компания сатып алынған активтерді соттан тыс жеке тәртіпте сатуға құқылы болды, ал қаржы институттары тек тиісті сот шешімдері болған жағдайда ғана берілген мүлікті ашық саудада іске асыра алатын.

Danaharta құрылған кезде оның қызметінің шектеулі мерзімі қарастырылмады – оның орнына Қаржы министріне тиісті жағдайларда ұйымды таратуға өкілеттік берілді. Директорлар кеңесінің мүшелері де Қаржы министрінің шешімімен тағайындалып, үкімет өкілдерінен, жеке сектордан және халықаралық қауымдастықтан екі мүшеден тұрды.

III. Активтерді сатып алу

Danaharta ірі корпоративтық несиелерді сатып алуға шоғырланды, оның қарыз сомасы 5 миллион ринггиттен басталады – бұл несиелер банк жүйесіндегі проблемалық несиелердің 70%-дан астамын құрады.

Заң банктерді өздерінің стресс-активтерін Danaharta-ға сатуға міндеттемегенімен, активтерді сатып алу және сату мәмілелерін жандандыру үшін компания «қамшы мен сәбіз» әдісін қолданды.


Мәжбүрлеу шаралары	Ынталандыру шаралары
<ul style="list-style-type: none">• Барлық банктер, Danamodal тарапынан қайта капиталдандырылған, Danaharta-ға өздерінің проблемалық несиелерін сатуға міндеттелді.• Проблемалық несиелердің жалпы үлесі 10%-дан асатын банктер Danaharta-ға өздерінің проблемалық несиелерін сатуға міндетті болды; әйтпесе, оларға бұл несиелердің құнын Danaharta ұсынған бағадан 80%-ға дейін есептен шығаруға тура келетін еді	<ul style="list-style-type: none">• BNM банктерге өздерінің активтерін Danaharta-ға сатуынан туындаған шығындарды бес жыл ішінде амортизациялау құқығын берді.• Danaharta банктермен активтерді сатудан түскен пайданы бөлісу туралы келісімдер жасасты.• Danaharta облигациялары тәуекелдің нөлдік салмағына ие болды

Danaharta сатып алынған несиелердің нарықтық құнын анықтау үшін стандартталған параметрлерді орнатты. Кепілмен қамтамасыз етілген несиелер үшін сатып алу құны кепілдік мүліктің нарықтық құнының 95%-ын құрады. Егер несиелер акциялармен қамтамасыз етілсе, құны нарықтық бағаға немесе компаниялардың таза материалдық емес активтеріне негізделіп, бақылау деңгейін ескере отырып түзетілді. Қамтамасыз етілмеген несиелер үшін нарықтық құны негізгі қарыз сомасының 10%-ын құрады.

III. Активтерді сатып алу

Danaharta активтерінің жалпы портфелі 2902 жобаға негізделген, олардың жалпы баланстық құны 47,7 миллиард рингитті құрады.

Danaharta активтері портфелінің құрамы



Danaharta қаржыландыруы мемлекеттен алынған бастапқы капитализация есебінен жүзеге асырылды, оның көлемі 3 миллиард рингитті (1998 жылғы ЖІӨ-нің 1%-ы) құрады, сондай-ақ облигациялар шығарылды. Сонымен қатар, Danaharta мемлекеттік кепілдігі бар халықаралық облигациялар шығаруды қарастырды, алайда валютаның құнсыздануы және Малайзияның кредиттік рейтингінің төмендеуі бұл нұсқаны қымбатқа түсетін етті.

Соның орнына компания қаржылық мекемелерге арналған бесжылдық нөлдік купонды облигациялар шығарды, ол проблемалық несиелерді сатып алуға арналған дисконтпен беріліп, бес жылға дейін ұзарту мүмкіндігін ұсынды. Бұл шешім ақшалай ағындарға қысымды азайтып, проблемалық несиелерді реттеу үшін ең тиімді стратегияны әзірлеуге уақыт берді.

IV. Активтерді басқару

Danaharta-ның активтерді басқару тәсілі қарыз алушының қайта қалпына келтіру әлеуетіне және проблемалық несиелердің валютасына байланысты болды. Шетел валютасындағы несиелер мен шетелдік компаниялар ұсынған немесе шығарған нарықтық бағалы қағаздар Danaharta-ның юрисдикциясынан тыс болғандықтан, бірден сатылды.

Жергілікті валютадағы және қалпына келтіру әлеуеті бар несиелер бойынша қайта құрылымдау жүргізілді. Бұдан бөлек, Danaharta қарыздарды қайта құрылымдауға арналған өзіндік нұсқаулықтарын әзірледі, бұл қарыз алушыларға өздерінің қарыздарды реттеу жоспарын жасауға және қайта құрылымдауды ұсыну процесіне кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік берді.


Үмітсіз несиелер немесе ынтымақтастықтан бас тартқан қарыз алушылар бойынша кепілге алынған мүлікті өндіріп алу немесе арнайы әкімшіні тағайындау жүзеге асырылды.

Danaharta активтерді басқарудың ерекше әдістерінің бірі – қайта құрылымдалған несиелерді жылдам қаржы тарту үшін секьюритизациялау* болды. Бұл құрал жалпы портфельден сатып алынған несиелердің 1,2%-ына ғана қолданылды, өйткені Danaharta жеткілікті мөлшерде қаржыландыру тартты.

*Активтермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар (ABS) – активтер пулына негізделген немесе сол активтерден алынатын ақшалай ағындармен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар. Мұндай пулды құрайтын активтерді біріктіру арқылы шағын және экономикалық тиімсіз активтер инвестициялау нысаны ретінде құндылыққа ие болады. Сонымен қатар, пул негізінде жатқан активтердің әртараптандырылуы тәуекелді төмендетуге мүмкіндік береді.

IV. Активтерді басқару

Danaharta активтерін реттеу стратегиясы



Danaharta қызметінің негізгі көрсеткіштері

Меншікті капитал, млрд рингит	3
Облигациялардың номиналдық құны, млрд рингит	11
Арнайы әкімшілер тағайындалған компаниялар саны	73
Мүлікті сату бойынша өткізілген сауда-саттық саны	25
Активтерді басқару мен жүзеге асырудан түскен түсімдер, млрд рингит	30,4
<i>оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген NPL бойынша</i>	<i>19,3</i>
<i>оның ішінде сатып алынған NPL бойынша</i>	<i>11,1</i>
Қайтарымдылық коэффициенті	58%
<i>оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген NPL бойынша</i>	<i>65%</i>
<i>оның ішінде сатып алынған NPL бойынша</i>	<i>49%</i>

V. Қызмет нәтижелері

Жалпы алғанда, Danaharta қызметін табысты деп атауға болады – компания банк жүйесіндегі проблемалық кредиттер деңгейінің өсуін тоқтатып, 2005 жылдың наурыз айына қарай өз облигациялары бойынша міндеттемелерін өтеп, аз шығынмен 2005 жылдың желтоқсанында, құрылғаннан кейін 7 жыл өткен соң, таратылды. Danaharta жабылғаннан кейін 1,72 миллиард рингит (Danaharta проблемалық несиелер портфелінің жалпы баланстық құнының шамамен 3,6%-ы) құрайтын өтелмеген активтерді Қаржы министрлігіне берді.

Алайда жоғары көрсеткіштер Danaharta-ға өтеусіз негізде басқаруға берілген несиелер есебінен қамтамасыз етілді, олардың өтелу коэффициенті сатып алынған активтермен салыстырғанда жоғары болды. Осылайша, басқару мен аталған несиелерді іске асырудан түскен кірістерсіз Danaharta айтарлықтай шығындарға ұшыраған болар еді.

Материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ Корпоративтік даму департаменті дайындады. Дайындау барысында Дүниежүзілік банктің зерттеу есептері мен материалдары, University Utara Malaysia, University Putra Malaysia, Банка Negara Малайзия және Danaharta материалдары пайдаланылды.